

Судың мемлекеттік есебі және оны пайдалану тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 15 ақпандағы N 160. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.01.26. N 85 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Су кодексін күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31 наурыздағы N 2062 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Судың мемлекеттік есебі және оны пайдалану тәртібі жөніндегі қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 15 ақпандағы
N 160 қаулысымен
Бекітілген

Судың мемлекеттік есебі және оны пайдалану
тәртібі жөніндегі

ЕРЕЖЕ <*>

ЕСКЕРТУ. Ереженің мәтініне өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің
1996.08.20. N 1031 қаулысымен .

1. Осы Ереже судың мемлекеттік есебі мен пайдалануды жүргізу тәртібін белгілейді және олардың қай ведомствоға жататынына, меншік нысанына қарамастан, барлық министрліктерге, ведомстволарға, кәсіпорындарға, ұйымдарға және мекемелерге, азаматтарға міндетті болып табылады.

2. Судың мемлекеттік есебі мен оны пайдаланудың негізгі міндеті - халық мұқтажы, экономика салалары мен қоршаған ортаның экологиялық тұрақтылығын сақтау үшін пайдаланылатын судың сапасы мен мөлшерін анықтау болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының бірыңғай су қорын құрайтын барлық сулар (су объектілері), сондай-ақ ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан, өнеркәсіп, құрылыс, көлік, ауыл шаруашылық және басқа да кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер, жеке азаматтар пайдаланатын сулар

мемлекеттік есепке алынады.

4. Судың мемлекеттік есебі және оны пайдалануды Қазақстан Республикасы үшін бірыңғай жүйе бойынша Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитет, жер беті суы бойынша - Қазақстан Республикасының Гидрометеорология жөніндегі бас басқарма, жер асты суы бойынша - Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі жүзеге асырады.

5. Қазақстан Республикасының Гидрометеорология бас басқармасы судың мемлекеттік есебі және оны пайдалану саласында:

а) жер бетіндегі су ресурстарын мемлекеттік есепке алу мен олардың режимі мен сапасын бақылауды қамтамасыз етеді.

Жер бетіндегі сулардың мемлекеттік есебі Қазақстан Республикасының Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасының және басқа да министрліктер мен ведомстволар жүйесінің гидрометеорология орталықтары, станциялары мен постарының мемлекеттік желілері арқылы басқа да ақпарат алу құралдары мен әдістерін тарта отырып (жасанды Жер серігі, авиация, экспедиция және су объектілерін зерттейтін басқа да әдістер), Қазақстан Республикасының Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасы белгілеген үлгіде, тәртіпте және мерзімде жүзеге асырылады;

б) судың мемлекеттік есебінің материалдары негізінде мүдделі кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді белгіленген тәртіппен су объектілері (жер асты суларынан басқа) және олардың гидрологиялық режимі жөніндегі деректермен, сондай-ақ кәсіпорындарды, құрылыстар мен басқа да объектілерді жобалау, салу және пайдалану үшін қажетті гидрологиялық болжаулармен қамтамасыз етеді;

в) физикалық, химиялық және гидробиологиялық көрсеткіштері бойынша мемлекеттік қызметті ұйымдастырады және судың ластану деңгейіне бақылау мен тексеруді (жер асты суынан басқа) қамтамасыз етеді және мүдделі кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді су объектілерінің (жер асты суларынан басқа) ластану деңгейі және оның шаруашылық қызмет пен гидрометеорологиялық жағдайлардың әсерімен өзгеру мүмкіндігі туралы, сондай-ақ жер беті суларының ластану деңгейінің күрт өзгерулері туралы жүйелі әрі жедел ақпаратпен белгіленген тәртіппен қамтамасыз етеді.

6. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі судың мемлекеттік есебі және оны пайдалану саласында:

жер қойнауын гидрогеологиялық зерттеу материалдарының негізінде жер асты суларының ресурстары мен пайдалану қорларын, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың статистикалық есептерінің негізінде жер қойнауынан алынатын жер асты суларының көлемін (бірге шығатынын қосқанда) есепке

а л у д ы ;

жер қойнауын пайдаланушылардың есептерінің негізінде жер қойнауына, сулы қабаттарды қосқанда, төгілетін ағын және басқа сулардың, сондай-ақ ластағыш заттардың мөлшерін есепке алуды;

жер асты суларын алуды немесе ағын және басқа суларды жер қойнауына төгуді жүзеге асыратын барлық жер қойнауын пайдаланушыларды, сондай-ақ " Жер асты сулары" тарауы бойынша мемлекеттік су кадастрына енгізілген су объектілерін тіркеуді және есепке алуды;

мемлекеттік меншіктер және жеке меншіктегі (жекешелендірілген) бақылау пункттері торабын қамтитын жер асты суларының мемлекеттік мониторингін жүргізу шеңберінде жер асты суларының режимі мен сапасына бақылауды;

су ресурстары бас басқармасы органдарының (Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитет) келісімі бойынша жүзеге асырылатын арнайы су пайдалануға, пайдалану және су соратын құбырлар мен құдықтарды бұрғылауға, сондай-ақ жер асты суларының жай-күйіне ықпал ететін жер асты құрылыстарын салу орны мен оның жобасын келісуге заңда белгіленген тәртіппен рұқсат беру мен жоюды;

жер қойнауы суларын пайдаланушы ұйымдардың меншікті (жекешелендірілген) бақылау пункттері торабында атқарылған жер асты суларының режимі мен сапасын зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуін т е к с е р у д і ;

алынатын жер асты суларының, сондай-ақ жер қойнауына төгілетін сулардың көлемін алғашқы есепке алудың дұрыстығын тексеруді;

жер асты суларын мемлекеттік есепке алудың және оны пайдаланудың автоматтандырылған мәліметтер қорын жетілдіру мен тиімді пайдалану ж ө н і н д е г і ж ұ м ы с т а р д ы ;

Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің нұсқаулары мен әдістемелік тапсырмаларында белгіленген жер асты сулары мен оларды пайдаланудың үлгілері мен мерзіміне байланысты мемлекеттік есепке алу материалдарын пысықтауды;

жер асты сулары мен оларды пайдаланудың мемлекеттік есебіне қатысты нұсқауларды, әдістемелік тапсырмаларды және басқа нормативті құжаттарды ә з і р л е у д і ;

жер асты сулары мен олардың пайдаланудың мемлекеттік есебін жүргізудегі жалпы принциптерді әзірлеуді;

мемлекеттік органдармен ведомствоаралық хабарлар алмасуды;

Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитетке белгіленген тәртіппен жер асты сулары мен оларды пайдалану есебі жөніндегі жиынтық мәліметтерді беруді жүзеге асырады.

7. Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитет судың мемлекеттік есебі және оны пайдалану саласында:

а) суды пайдаланатын кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелерде су объектілерінен алынатын және соған құйылатын сулардың алғашқы есебінің дұрыстығына, суды пайдалану, қайта құю есебіне арналған жабдықтар мен аппараттардың мемлекеттік аттестациялануының белгіленген мерзімін сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

б) суды пайдаланушылардың есеп беруі негізінде пайдаланатын суды есепке алуды жүзеге асырады;

в) суды пайдаланудың есебі жөніндегі қорытындыланған мәліметтерді (тікелей су объектілерінен алынған су көлемі, сондай-ақ оларға қайта құйылған сулардың көлемі мен құрамы) Қазақстан Республикасының Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасына, Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігіне және оларға бағынысты органдарға заңда белгіленген тәртіппен табыс етуді қамтамасыз етеді;

г) суды пайдалануды тіркеуді жүзеге асырады.

8. Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен, Қазақстан Республикасының Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасымен бірлесе отырып, судың есебі мен пайдалану туралы статистикалық есеп берудің үлгілерін әзірлеп, тапсыру мерзімі мен тәртібін, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқауларды белгілейді және Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетіне бекітуге ұсынады.

9. Суды пайдаланушы, меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер, сондай-ақ азаматтар:

а) Қазақстан Республикасының жанындағы Су ресурстары жөніндегі комитет Қазақстан Республикасының Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасымен ("Жер бетіндегі сулар" тарауы) және Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен ("Жер асты сулары" тарауы) келісім бойынша белгіленген тәртіпте және мерзімде су объектілерінен алынатын және соған қайта құйылатын сулардың алғашқы есебін жүргізеді;

б) судың шығыны мен деңгейін өлшейтін құралдармен су алатын және қайта құятын құрылыстарды жабдықтайды, сондай-ақ суы өздігінен шығатын скважиналарға реттегіш қондырғыларды орнатады.

Аталған жабдықтар жоқ болған жағдайда кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер және басқа да суды пайдаланушылар Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті, Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі жүйесінің жергілікті органдарынан суды пайдалануға уақытша рұқсатты рәсімдеуі тиіс және бақылау-өлшеу құралдарын қондырғанға

дейін, алынатын және қайта құйылатын судың мөлшерін есепке алуды технологиялық жабдықтардың белгіленген көрсеткіштері бойынша және басқа да мүмкін болатын өлшеу әдістерін қолдана отырып, жүргізеді;

в) өз лабораториясында немесе мемлекеттік аттестациясы бар басқа да кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер лабораторияларында қайта құрылатын сулардың химиялық құрамын анықтауды қамтамасыз етеді;

г) Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті бекітетін үлгілер бойынша және нұсқауларға сәйкес, су пайдаланғаны жөнінде есеп тапсырады;

д) Қазақстан Республикасының Гидрометеорология бас басқармасының Қазақстан Республикасының жанындағы Су ресурстары жөніндегі комитеттің Денсаулық сақтау министрлігінің, Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің (жер асты сулары бойынша) және Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің жергілікті органдарына апат салдарынан ластағыш заттардың тасталуы, сондай-ақ су объектілерінен су алу мен оған қайта құюдың белгіленген режимінің бұзылуы туралы шұғыл хабарлар б е р е д і .

10. Суды пайдалануға байланысты объектілерді жобалау және салу барысында министрліктер, ведомстволар және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілері, қажет болған жағдайда, уақытша ведомстволық гидрометеорологиялық станциялар мен постыларды, сондай-ақ режимдік бақылау пункттерін ұйымдастырады. Аталған станциялар мен постыларды, режимдік бақылау пункттерін ұйымдастыру және жою Қазақстан Республикасының Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасының, Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің жергілікті органдарының келісімі бойынша жүзеге асырылады, ал мүдделі ұйымдарға бақылау жүргізу және материалдарды беру аталған бас басқарма мен министрлік белгілеген үлгі, тәртіп пен мерзім бойынша жүргізіледі.